

**«Алматы облысының білім басқармасы» ММ
«№3 облыстық арнайы мектеп-интернаты» КММ**

**Тағам сапасын тексеру комиссиясының
№9 хаттамасы**

11.02.2025ж

Қатысқандар:

Бракераж комиссия төрайымы-А.С.Рахышова

Мүшелері:

Б.А.Альсейпулова

А.К.Тастекеева

Г.Ж.Калиллаева

С.Ш.Кияхметова

Б.М.Худайбергенова

Күн тәртібінде

1. Мектеп асханасының рейд қорытындысы
2. Санитарлық жағдайы.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, бракераж комиссиясының мүшесі Б.Альсейпулова қатысушыларды мектеп асханасының жұмысының сапалы тамақтандыруы бойынша комиссия рейдтерінің қорытындысымен таныстырды.

Тексеру мақсаты: Асхананың санитарлық жағдайы. Азық түлік сапасын, тамақты дайындау технологиясын, асхананың тоңазытқыш-технологиялық жабдықтарын, дайын тамақ өнімдері мен азық-түліктердің сақталу талаптарының орындалуын тексеру.

1. Бірінші мәселе бойынша тексеру нәтижесінде комиссия мүшелері асхананың мына төмендегі жұмыстарын бақылады.

- Тамақ өнімдерінің сапасы, оларды тасымалдау, жеткізу, түсіру шарттары бар;
- Күнделікті мәзір перспективалық мәзірге сәйкес келеді;
- Асхананың жұмыс кестесі сақталған;
- Бақылаудағы екі тәуліктік тағам сынамасы бар;

Тауарларды сатып алу бойынша қаңтар-ақпан 2025 ж. қосымша келісім бойынша «Имангалиева» ЖК компания міндетіне алды. Наурыз айында мемлекеттік тапсырыс бойынша байқау жүргізіледі. Қазіргі таңда барлық тауарлар сертификатталған, уақытылы беріледі. Азық-түлік жеткізу кестесі бар. Өнімдерді сақтау санитарлық нормаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескертетін жәйт, асхананың тамақ пісіру электр пеші мен тамақ пісіру пеші техникалық жөндеуге жарамсыз болғандықтан жаңартуды қажет етеді.

Мектептің бас есепшісі Ш.Т.Байтоковаға шұғыл түрде тамақ жасайтын электр пеші бойынша бюджеттік өтінімге тапсырыс беруді қарастыруы қажет.

Бракераж комиссия мүшелері «Мектептік тамақтандыру» айдарының уақытылы толтырылып отыруына талап қойды.

2. Екінші мәселе бойынша бракераж комиссиясының мүшесі диетбике Б. Худайбергенова мәлімет берді. Медициналық кітапша және жұмысқа жарамдылық рұқсаты асхананың барлық қызметкерлерінде бар. Асхананың санитарлық жағдайы жақсы, ылғалды жинау жұмыстары дер кезінде жүргізіледі, терезенің алды, үстелдер, стеллаждар, ыдыстар өз орнында таза, еден жуылған, асхана іші таза, тазалығы үнемі қадағалануда. Қызметкерлердің киім үлгісі талапқа сай.

Мектеп - интернаттың асханасына түсетін өнімдердің сапасы санитарлық нормалар мен ережелерге сонымен қатар бірінші және екінші тағамдарды дайындауда өнімдерді салу нормасы қойылған талаптарға сәйкес келеді.

Шешімі:

1. Асханадағы ауыстыруды қажет ететін ас пісіру техника құралдары (электр пеші), жаңартылсын. Бракераждық комиссия хаттамасының көшірмесінің бір данасы бюджеттік өтінім мәселесін қарастыру мақсатында мектеп – интернаттың бас есепшісі Ш.Т. Байтоковаға берілсін.

2. Мектеп-интернат асханасында бракераж комиссияның санитарлық жағдайын бақылау жұмысы үнемі комиссия тарапынан бақылауда болсын.

Бракераж комиссия төрайымы-А.С.Рахышова




Мүшелері:


Б.А.Альсейпулова



А.К.Тастекеева



Г.Ж.Калиллаева



С.Ш.Кияхметова



Б.М.Худайбергенова

